Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы .Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b> <b>.( өз-өзіне қызмет ету,мәдени дағды,дербес ойын әрекеті).</b>				
Түскі ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.</p> <p>Асты-шашпай төкпей іш,</p> <p>Сораптамай баппен іш.</p> <p>Келген асты алдына</p> <p>Тауысып іш қалдырма.</p> <p>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
Күндізгі ұйқы	«Түлкі мен тырна»	«Түлкі мен тырна»	«Әлди бөпем» әнімен	Аудио ертегі	«Әлди бөпем» әнімен

	ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. <b>(көркем әдебиет). Көркем әдебиет</b>	ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. <b>(көркем әдебиет) (көркем әдебиет) (жалғасы)</b>	ұйықтату <b>музыка</b>	«Жеті лақ» ертегісін тыңдату <b>көрк.әдеб</b>	ұйықтату <b>музыка</b>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<b>Төсектегі жаттығулар.</b> Ұйқыдан тұрғанда, бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b>	<b>Төсектегі жаттығулар.</b> Ұйқыдан тұрғанда, бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу	Сауықтыру-шынықтыру шарасы : <b>Көзге арналған жаттығулар:</b> «Түрлі-түсті жалауша» <b>музыка, мәдени дағды, д\ш</b>	Сауықтыру-шынықтыру шарасы : <b>Саусаққа арналған жаттығулар:</b> «Түрлі-түсті жалауша» <b>музыка, мәдени дағды, д\ш</b>	Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: Тыныс алу жаттығуларын жасату  <b>музыка, мәдени дағды, д\ш</b>
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Қысқы аулада" суреттер тізбегі бойынша әңгіме құру. Мақсат-міндеттер: балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балалардың ойындар түрі туралы жаңа мағлұматтар беріп, "қысқы ойындар" ұғымын кеңейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау; қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау.</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Қос қолғап". Мақсат-міндеттер: балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету.</p>	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Қыс қызығы аққала". Мақсат-міндеттері: балаларды қалдық материал: поролоннан сызық бойымен домалақ кесіп алу, домалақтарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы құрастыруға үйрету. <b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Қыстың жуан және жіңішке жолақтары". Мақсат-міндеттері: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішке", "ең жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b>"Ақ аю". Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. <b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b>"Жылқы". Мақсат-міндеттер: балаларға жылқыны саз балшықтан жасауға, дене пішінін, фигураның қозғалысын дұрыс беруге, фигураға тән сипатына қарай саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>«Тақия тастамақ» қимылды ойын.</b> Ойынның мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның шарты: бір бала тақияны шеңбер бойымен жүріп, кез келген баланың басына кигізеді. Басында тақиясы бар бала түбір және туынды сөзді айтады. Ойын осылай жалғаса береді.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p><b>Үшінші артық</b> Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлары бейнеленген карталар. Ойын барысы. Балаларға жануарлар</p>	<p><b>Жаңылтпаштар жаттау.</b> 1) Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық. Бес күзетші, бес пысық. 2) Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім. Неше кіші ішік піштім?</p>	<p><b>Жыл мезгілі жайлы әңгімелеу.</b> Мақсат-міндеттер: мнемокестеге қарап әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға</p>	<p><b>Көркем әдебиет шығармаларын оқу.</b> Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын</p>	<p><b>Өздері білетін ертегілері бойынша суреттерді қарау.</b> Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру;</p>

	бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай жануардың артық екенін анықтауы керек. - Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және т. б. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>	3) Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>	үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. <b>(көркем әдебиет)</b>	балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдары: ертегілер сюжеттері бейнеленген суреттер. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау. Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
Серуен	№69 Серуен картотека (қорытындылау)	№70 Серуен картотека (қорытындылау)	№ 71 Серуен картотека (қорытындылау)	№ 72 Серуен картотека (қорытындылау)	№73 Серуен картотека (қорытындылау)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-</b>	Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b>	Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</b>	Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>

	<b>әрекеті)</b>				
Балалардың үйге қайтуы	«Ашық ой мен сұрақ-жауап күні» ата-аналармен жиналыс.	«Ата-аналар балалары ауырмау үшін не істеу керек» кеңес беру.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.	Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?"	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу.
Циклограмма толтырған тәрбиеші: Әдіскер:					



## Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы :Т.О.О «Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

Топ: Ересек «Құлыншақ» тобы

Бала жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : **16.01-20.01 2022-2023 оқу жылы**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу . Үстел үсті ойыны: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Ойын мақсаты: жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін сурет арқылы ажыратып айтады. <b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Психологиялық жаттығу:</b> «Күннің шуағы» <b>Мақсаты:</b> Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. -Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз. <b>Сөйл.дамыту, көрк.әдебиет</b>	Балаларды мамандық түрлерімен таныстыру.Суретін көрсету.Әңгімелесу <b>Көркем әдебиет</b>	<b>Сәлемдесу "Көңілді тілек".</b> Мақсаты: достарына деген жақсы қарым қатынасты дамыту. Балалар шеңберде тұрып, кезекпен бір-біріне жақсы, жағымды тілек айтады. <b>Сөйлеуді дамыту, танымдық дағды</b>	Балалардан көңіл күйлерін сұрау. <b>Өз үйінді тап</b> <b>Мақсаты:</b> түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. <b>Сөйлеуді дамыту</b>
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	Баланың үйдегі қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу
<b>Балалардың</b>	«Қыс келбеті»	Сюжеттік –рөлдік	<b>Үстел үсті ойыны:</b>	<b>Үстел үсті ойыны:</b>	«Жаңбырлы күн»

<p><b>дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Балаларға қыс мезгілі жайлы түсінік беру. Қыс айының ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Қысқы орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p>ойын «Мен Шаштараз боламын» <b>Мақсаты:</b> Балалар бір -бірімен ойнау арқылы өздерін Шаштараз сезіне алады.</p>	<p>Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. «Жылдың қай мезгілі екенін тап». <b>Ойын мақсаты:</b> жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін сурет арқылы ажыратып айтады. <b>Сөйл.дамыту,сурет салу</b></p>	<p>«Жабайы аңдар» <b>Мақсаты:</b> Балаларға суреттер арқылы жабайы аңдар туралы түсінік беру. Аңдарды құрастыра отырып, ұсақ қол моторикасын дамыту. <b>Құрастыру</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Қардыңсуретін салу әдіс-тәсілдерін үйрету. <b>Сурет салу</b></p>
<p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>	<p><b>Картотека №20</b> Жаттығулар кешені: (Құралмен) Марш екпінімен жүру.Тәрбиешінің артынан шеңбер бойымен жүру. Тізелерімізді жоғары көтеріп жүгіреміз. Жаттығу: 1) Б.Қ. екі қол белде, аяқ иық деңгейінде, 1- басты алдыға иеміз,2-артқа 3 - оңға 4 - солға иеміз, 5- Б.Қ. келу. 2) «Қайшы»3) « Сағат » Б.Қ. екі қол белде, аяқ иық деңгейінде оңға 1- рет иілеміз,2- солға бір рет иілеміз 3- б.қ.келу. Терең тыныс алу жаттығуларын орындау. (<b>Дене шынықтыру</b>)</p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу. <b>Көркем сөз. «Тату үйдің тамағы тәтті»</b> <b>Мақсаты:</b>балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. <b>Бата айту:</b> Дастарханым мол болсын, Уайым-қайғы жоқ болсын. Бірлік берсін басымызға,</p>				



	<b>Береке берсін асымызға. Әмин</b>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Тәрбиешіге көмектесу туралы әңгімелесу  <b>Мақсаты:</b>          карапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.          Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту  <b>сөйлеуді дамыту, танымдық дағды</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b>          Кел, балалар, күлейік,          Күлкіменен түлейік!          Қабақ түйген не керек,          Көңілді боп жүрейік!          Кел, балалар, күлейік!          Күлкіменен түлейік!          Күлкі көңіл ашады,          Күліп өмір сүрейік!  <b>көрк.әдеб,сөйл.дамыту</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b>          Армысың, қайырымды Аспан ата!          Армысың, мейірімді Жер ана!          Армысың, шұғылалы Алтын күн!          Қайырлы таң,қайырлы күн!          Сәлеметсіздер ме, Апайлар!          Сәлеметсіздер ме, достар!  <b>көрк.әдеб,сөйл.дамыту,музыка</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b>          Бақыт деген- Осы шаттық шеңбері          Қол ұстасып Тұрайықшы , кел бері.          Бақыт деген- Көрмей қалса сағынып,          Мені іздейтін Адал жүрек сендегі.  <b>сөйл.дамыту</b></p>	<p><b>Жылулық шеңбері:</b>          Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін.          Алақаным арқылы Жылуымды беремін          Достар , бері келіңдер,Қолдарыңды беріңдер.          Шаттық толы шеңберге,          Қуанышпен еніңдер!  <b>сөйл.дамыту,музыка</b></p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p><b>Денешынықтыру міндеті:</b> Салауатты өмір салтын қалыптастыру          «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты</p>	<p><b>Қазақ тілі:</b> Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.</p>	<p><b>Денешынықтыру міндеті:</b>          Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау.</p>	<p><b>Денешынықтыру міндеті:</b> Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен</p>	<p><b>Музыка міндеті:</b> Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.</p>

	өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. <b>Қ/о</b> «Маған қарай лақтыр» <b>Мақсаты:</b> балалардың қимыл дағдыларын қалыптастыру.		<b>Қ/о</b> «Алға жылдам жүр, тек жүгірме» <b>Ойынның мақсаты:</b> Өкпені тыныс алуын, жалпы дене қимылын,ептілігін дамыту.	секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру; <b>Қ/о</b> «Желді боран» <b>Мақсаты:</b> қимылдардың үйлесімділігі, оң, сол, жоғары, төмен түсініктерін қалыптастыру.Терең ырғақты дем алуын дамыту.	
2- таңғы ас	Балалардың назарын тағамға аудару, үстелдегі балалардың дұрыс отыруын қадағалау <b>өз-өзіне қызмет ету,мәдени дағды</b>				
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Серуенге ойын құралдарын дайындау. Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>				
Серуен	№11 Серуен картотека	№12Серуен картотека	№13 Серуен картотека	№14Серуен картотека	№15Серуен картотека
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала. Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. Достарымен ішке кіру. ( <b>өз-өзіне қызмет ету,мәдени дағды,дербес ойын әрекеті</b> ).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, жууын қадағалау. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс				

	ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b> <b>Бата жасау:</b> Дастарханым мол болсын, Уайым-қайғы жоқ болсын Бірлік берсін басымызға, Береке берсін асымызға. Әмин				
Күндізгі ұйқы	«Қар ханшайымы» ертегісін оқып беру <b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау, баяу музыка тыңдау <b>музыка</b>	«Қар ханшайымы» ертегісін оқып беру( <b>жалғасы</b> ) <b>Көркем әдебиет</b>	Аудио ертегі «Ақылды Қоян» <b>көрк.әдеб</b>	Балалардың жақсы тынығулары үшін, жағдай жасау. <b>Музыка</b>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы : <b>Көзге арналған жаттығулар:</b> «Түрлі-түсті жалауша» <b>музыка, мәдени дағды,д\ш</b>	Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Мұрынмен дұрыс тыныста, ауызбен дұрыс дем шығар» тыныс алуға арналған жаттығу	Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Түймелі Қолтырауын» майтабандылықтың алдын алу. <b>музыка, мәдени дағды,д\ш</b>	Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Түймелі қолғап» арқа бұлшық етіне массаж жасау арналған жаттығулар <b>(музыка, мәдени дағды,д\ш)</b>	Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Орамалды жинау» аяқ саусақтарына арналған жаттығу
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
Балалардың	Ермексазды	<b>Суреттік боямалар</b>	Д/о: «Қыста не	<b>Үстел үсті ойын</b>	<b>Қимылды ойын:</b>

дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	аққала дөңгелектетіп жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіру. <b>Мүсіндеу</b>	<b>«Мекенін тап»</b> Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. <b>Сурет салу</b>	<b>киеміз?»</b> <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгіліне байланысты адамдардың киім кию үлгісін көрсете отырып, түсіндіру. <b>Қоршаған ортамен танысу</b>	<b>«Дойбы»</b> Мақсаты: Балаларды дойбымен ойнау жолдарын түсіндіру бірге ойнау <b>Құрастыру</b>	<b>«Сымсыз телефон».</b> <b>Мақсаты:</b> Зейін қойып тыңдауға үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Әуенді кітапты пайдалана отырып Сафи, Айлинге жануарлардың қалай дыбыстайтынын үйрету <b>Көркем әдебиет, қорш. орт а, музыка</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Түрлі-түсті түстерден жасалынған Көбелектерді пайдал ана отырып Инабат, Аллиярға баулау, түймелеу ептіліктерін қалыптастыру <b>Құрастыру, матем негізі, танымдық дағды</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Айкен, Аланға геометриялық пішіндерді танып білуі үшін жұмыс жасау. Пішіндерден күшіктің үйшігін құрастыру <b>Сөйл. дамыту, матем. негізд</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> <b>Мақал-мәтел.</b> Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат. <b>Мақсаты:</b> Мақал жаттату арқылы Алина, Аңсарға сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат, денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. <b>Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Қорегін тап» кітапшасын пайдалану арқылы Медина, Абылайлардың қысқы жануарлар тіршілігі туралы түсініктерін нақтылау <b>Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту</b>
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау. Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
Серуен	№11 Серуен картотека (қорытындылау)	№12 Серуен картотека (қорытындылау)	№13 Серуен картотека (қорытындылау)	№14 Серуен картотека (қорытындылау)	№15 Серуен картотека (қорытындылау)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				

Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Әндер мен тақпақтарын қайталау. <b>көркем әдебиет, музыка</b>	<b>Тақпақ. «Қар»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. <b>Көркем әдебиет</b>	<b>Қ/о: «Орамал тастау».</b> <b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. <b>Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Саусақ ойыны: «Санамақ»</b> Мақсаты: балалардың ойлау қабілеті мен қабылдауын дамыту. <b>сөйлеуді дамыту, математика негіздері</b>	Балалардың қалауы бойынша орталықтарда жұмыс. <b>сөйлеуді дамыту.</b> Еркін тақырыпта шығармашылық <b>(Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</b> іс әрекеттерін балалардың қалауы бойынша ұйымдастыру
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларының жақсы қасиеттерін айту	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Балалармен бірге Қыс қызығы тақырыбына көрме жасап келуді тапсыру	Балалардың жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.
Циклограмма толтырған тәрбиеші: Әдіскер:					

## Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы :Т.О.О «Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

Топ: Ересек «Құлыншақ» тобы

Бала жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : **23.01-27.01 2022-2023 оқу жылы**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(мәдени дағды, көрк.әдеб).</b>	<b>Сәлемдесу:</b> Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа бір-бірімен жақсы-қарым-қатынас жасай білуіне баулу. <b>(сөйлеуді дамыту).</b>	<b>Сәлемдесу:</b> Тазалық пен ұқыптылық туралы әңгімелесу <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Сәлемдесу: " Сәлем сөздің анасы»</b> Балалар шеңберде тұрып, кезекпен бір-біріне сәлем береді <b>(сөйлеуді дамыту).</b>
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Жалпы ата аналармен әңгімелесу балаларды жылы киіндіру .	Әңгімелесу. Шынықсаң шымыр боласың әңгімелесу	Әңгімелесу. Бала бақшаға кешікпей келулерін қадағалау	Баланың мінез құлқы туралы әңгімелесу	"Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу.

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>"Асхана бойынша кезекшілік".</b> Міндеті. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығында ретсіздікті көре білу. <b>(танымдық дағдылар)</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктерін суғару".</b> Міндеті. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қаншалықты қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу. <b>(сөйлеуді дамыту, қорш.орта)</b></p>	<p>Өз еріктерімен берілген суретке қарап әңгіме құрастыру. <b>(танымдық дағдылар)</b></p>	<p><b>Сұрақ –жауап ойыны</b> Айнала қандай? Дала неге аппақ ? -Қыс мезгілінде құстар қайда ұшып кетеді? -Не себепті?  <b>(сөйлеуді дамыту қазақ тілі)</b></p>	<p><b>Ойын тапсырмалар</b> Қыста ауа райында қандай өзгерістер болады? Қыс айлары жайлы біз не білеміз?.Балалар, суретте не бейнеленген айтып береді? Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?</p>
<p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Картотека №21</b> <b>Жалпы дамыту жаттығулары</b></p> <p>1.Тізбекте тұрып келе жатып тізені жоғары көтере жүру, «шаңғышы» қимылымен жүру, қолды екі жаққа созып, аяқтың ұшымен жүру, қолды желкеге қойып өкшемен жүру, шеру жасап жүру, топтарға бөлініп тұру. Әр жаттығуды 8-10 адым жасап орындау.</p> <p>2.Бастапқы қалып аяқ сәл алшақ, екі қолды жоғары ұстап, төмен түсіріп тұру. 5-6 рет қайталау.</p> <p>3.Тік тұру, аяқты аздап алшақ ұстау, екі қолды төмен ұстау. Басты төмен қарай тізеге еңкейтіп, екі қолмен тізені құшақтап жүрелеп отыру. Тұру түзулену, екі қолды төмен жіберу. 5-6 рет қайталау.</p> <p>4.Қолды жоғары көтеру, кеуде тұсына түсіру, қолды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа келу. 5-6 рет қайталау.</p> <p>5.Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, екі қолды желкеге ұстап тұру, солға бұрылу, бастапқы қалыпқа келу, оңға бұрылу, бастапқы қалыпқа келу. 5-6 рет қайталау.</p> <p>6. Тыныс алу жаттығуларын орындату.<b>(дене шынықтыру, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай</p>				

	<p>Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Сурет бойынша әңгіме құрастыру қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Сөздік ойын «Қимылын көрсет»</p>	<p>Д/О «Кімнің құралы?» Тәрбиеші балабақша қызметкерлерінің суреттерін көрсете отыра балалардан олардың жұмыстарына керекті құралын тауып беруін талап етеді. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Д/Ойын «Шатаспақ» Мынау ненің басы? - Ненің көлеңкесі?т.б - Мақсаты: жануарлардың ерекшеліктеріне тоқталу, сурет бойынша әңгіме құрастыру, ойлау қабілеттерің дамыту. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Суретпен жұмыс</b> Мына суретте нені көріп тұрсындар? - Қыс мезгілі. - Далада кімдер ойнап жүр? - Адамдар машинаға астық тиеп жатыр. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Еңіс тақтайдың үстімен жүру". Міндеттері. Еңіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, тура жүруге, жердегі кедергі жолақтардан (жолақтар арақашықтығы 50 см) екі аяқпен екі аяқпен аттап, секіру және бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты бастарынан асыра</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Досқа нені үйретемін?" Міндеттері. Балаларға аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруды; көлбеу тақтайдың үстімен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүруді үйрету. <b>"Баскетбол" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліп, баскетбол</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> Қазақ тілі " Қыс мезгілі. Қысқы табиғат құбылыстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі жайлы мнемокесте және сызбалық суреттер негізінде "қыс", "қысқы табиғат құбылыстары" туралы түсініктерін қалыптастыру; "қыс" пен "жаз" мезгілдеріне байланысты антоним сөздерді дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. Өлеңді мәнерлеп оқу.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Тепе-теңдікті сақтайық". Міндеттері. Балаларға қатарға екеуден тұруға; допты алысқа дәлдеп лақтыруды (3,5–6,5 м кем емес); сызықтардың арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. <b>"Кедергілерден оңай өтеміз" қимылды ойыны.</b></p>	<p><b>Музыка Музыка</b> Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау. <b>Дидактикалық ойын. "Қояндар".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға музыканың көңілді не мұңлы, баяу түрлерін ажырата білуге баулу. <b>(музыка, сөйлеуді</b></p>



	<p>лақтыруды үйрету.  <b>"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.</b>          Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліну, бір сызыққа тұрғызу, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге дағдыландыру. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыруды үйрету.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>"Ну орманда қар жауып". Мнемокесте арқылы өлеңді топпен мәнерлеп қайталау. Сөзді-ырғақты жаттығу "Ну орманда қар жауып". Сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу "Жазда, қыста". <b>(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</b>  <b>Музыка</b>          " Акшақар әні".          Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әннің сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырату қабілетін қалыптастыру.  <b>(музыка, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалар кедергілерден "жылан" тәрізді жорғалап өтулері керек. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>дамыту)</b></p>
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
Серуенге дайындық	Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Балалардың серуенге қызығушылығын арттыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
Серуен	№ 16 Серуен картотека	№17 Серуен картотека	№18 Серуен картотека	№19Серуен картотека	№20Серуен картотека
Серуеннен оралу	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. Ойын жаттығу: «Киімді бүктеуге үйренеміз». <b>( өз-өзіне қызмет ету,мәдени дағды,дербес ойын әрекеті).</b>				

Түскі ас	<p>Сабынмен қолдарын сабындап, жеңдерін түріп, жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p> <p><b>Бата жасау:</b>  Асқа байлық,  Денге саулық,  Басымызға амандық берсін,  Еліміз аман, Жұртымыз тыныш болсын. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, көркем әдебиет)</b></p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім".  Міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Баяу музыка қою <b>(Музыка)</b></p>	<p>«Ақ бөпем» әнімен ұйықтату <b>(көрк.әдеб)</b></p>	<p>Екі дос әңгімесін оқып беру.</p>	<p><b>Көркемсөз</b>  Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. <b>(көркем әдебиет)</b></p>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шарасы :  <b>Музыка әуенімен жаттығу орындау</b>  «Көңілді аңдар» <b>(музыка, мәдени дағды, д\ш)</b></p>	<p>Сауықтыру-шынықтыру шарасы :  <b>Көзге арналған жаттығулар:</b></p> <p>1 Көзді ашып жұму. Оңға. солға. 2 Көзді ашып жұму. Солға. оңға</p> <p><b>(музыка, мәдени дағды, д\ш)</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы :</b>  «Орамжапырақты тұздау»  1. Біз орамжапырақты тураймыз (жоғары төмен қолды тез қимылтату)  2. Біз сәбізді үгеміз (жұдырықты түйіп алға, артқа сырғымалы қимыл жасау)  3. Біз орамжапырақты тұздаймыз (саусақтарды бүгіп, мыжу)  <b>(сөйл. дамыту, мәдени дағды, д\ш)</b></p>	<p>Балаларды ақырын сипап ояту.  Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын.  Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.</p>	<p>Жаяу жүру: бүдір жолақшалармен балалардың аяқтарын уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды.  <b>(дене шынықтыру, мәдени-гигиеналық )</b></p>
Бесін ас	<p>Ас мезірімен таныстыру. Түзу, дұрыс отыруын қадағалау. Қасықты оң қолға, нанды сол қолға ұстауды үйрету.</p>				

	Тамақ үстінде жан-жағына қарамай дұрыс отыруғызуга үйрету.Рахмет айтуға үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)</b>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жатығу</b> Міндеттері. Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту</b>	<b>Дидактикалық ойын. «Артығын тап».</b> Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттерден артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарындашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық. Қар қыста ғана болады. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b>	<b>"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.</b> Міндеттері. Ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <b>(танымдық дағдылар,құрастыру )</b>	<b>Дидактикалық ойын. "Қатесін тап".Құрастыру. "Зәулім ғимараттар".</b> Міндеттері. Қиял, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. ( <b>сөйлеуді дамыту, құрастыру</b> )	<b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Ақтөске үйшік құрастырамыз". Міндеттері. Балаларды құрамында тақтайша, үшбұрыш, білеу бар құрылыс материалдары жинағын пайдаланып, Ақтөске үй құрастыруды үйрету. <b>(құрастыру, сөйлеуді дамыту)</b>
Балалармен жеке жұмыс	<b>Дидактикалық ойын. «Сыңарын тап».</b> Міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі:	<b>"Күз белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.</b> Міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың	<b>Шешуін тап, заттарды ата.</b> Көрнекі құралдар. Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана. Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді, онда бейнеленген заттар мен жануарларды атауды сұрайды. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, қажетті суретті табуы және онда бейнеленген заттарды	<b>Дидактикалық ойын.</b> «Сөз ойла». Міндеттері. Балаларға мағынасы қарсы сөздерді тауып айтуды ұсынады. - Әдепті - ... - Әдепсіз - Жақсы - ... - Жаман - Ақ -... - Қара - Үлкен -...	<b>"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны.</b> Міндеттері. Сөйлеуді дамыту белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту. Мысалы:түрлі-түсті қанаттары бар әдемі жәндік, ұшуды ұнатады, балшырынмен қоректенеді. (Көбелек.)көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді.

	геометриялық пішіндерді алып, ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. <b>(құрастыру, сөйлеуді дамыту)</b>	арасынан күз мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, бастайық! Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)</b>	атауы тиіс. Тәрбиеші: - Инде не тұрады? - Тышқан. - Тышқан неден қорқады? - Мысықтан. - Суды қайда құямыз? - Шелекке. - Қыста немен сырғанаймыз? - Шанамен. - Қуыршаққа не тағамыз? - Моншақ. - Алманы (гүлді) қайда жинаймыз? - Себетке.т.б <b>сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b>	- Кішкентай - Сыйлау- ... - Сыйламау <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, сурет салу)</b>	(Пойыз.) жабайы жануар, орманда тұрады, айға қарап ұлиды. (Қасқыр.) жабайы жануар, қызыл шашты, ертегілерде әрқашан алдайды. (Түлкі.) сары қабығы бар жеміс. (Лимон.) <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, сурет салу)</b>
Серуенге дайындық	киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; <b>(дербес әрекет)</b>				
Серуен	<b>№16 Серуен картотека (қорытындылау)</b>	<b>№17Серуен картотека (қорытындылау)</b>	<b>№18 Серуен картотека (қорытындылау)</b>	<b>№19 Серуен картотека (қорытындылау)</b>	<b>№20 Серуен картотека (қорытындылау)</b>
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуып асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</b>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел	Театрды сахналау. " Қолғап" ертегісін қолғаппен сахналау. Музыкалық	Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. <b>(құрастыру)</b>	<b>Дамытушылық ойын.</b> "Бұзылған телефон". Міндеттері. Балалардың есту, көру, ойлау	Өнер бұрышында аққала мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу.	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,

үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b>		қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Алдымен, педагог балаларға ойын тәртібінің үлгісін көрсетеді. Балаларға ойын тәртібін нақты орындап, бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші өзі ойлаған заттың атауын қасында отырған баланың құлағына сыбырлап айтады. Бала естіген сөзін келесі отырған балаға сыбырлап айтады, ойын осылай жалғасады.	<b>(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</b>	кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</b>
Балалардың үйге қайтуы	« Менің отбасым» көрме.	Кеңес беру. «4-5 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы».	«Балаңыз туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру.	Бүгін жаттаған тақпақтарын беру, үйде қайталау туралы әңгімелесу.	"Біз бір аптада не істедік" тақырыбында әңгіме.
Циклограмма толтырған тәрбиеші: Әдіскер:					



